

Қалыш Аманжол¹, Керімқұлова Айне²

¹тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры,

Алматы қ., Қазақстан, e-mail: kalysh_54@mail.ru, тел.: +7 702 379 9533

²әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

археология, этнология және музеология кафедрасының 2 курс магистранты,

Алматы қ., Қазақстан, e-mail: anelia-janim@mail.ru, тел.: +7 702 560 5465

**БЕЛОРУСТАРДЫҢ 1990-2000 ЖЫЛДАРДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
САНЫ ЖӘНЕ ТАРАЛУЫ**

Мақала отандық тарихи-этнография ғылымының зерттелмеген мәселелерінің бірі – қазақстандық белорустар арасындағы этнодемографиялық үдеріске арналады. Қарастырып отырған шығыс славян этносының алғашқы қоныс аударушылары төңкеріске дейінгі Қазақстан аумағына ХІХ ғ. бірінші жартысында келді. ХІХ ғ.-дың 80-жылдары белорустар топ-тобымен Белоруссияның Могилев, Витебск, Виленск, Минск және Гродно губернияларының уездерінен қоныс аудара бастады. Бұл үдеріс 1900 ж. Батыс-Сібір, ал 1906 ж. Орынбор-Ташкент темір жолдары салынған соң және 1906 ж. басталған Столыпин реформасынан кейін өз жалғасын тапты. Қазақстанға белорустардың көшуі кеңестік тоталитарлық жүйе кезінде де жалғасты: 1917 ж. қазан төңкерісі, 1918–1922 Азамат соғысы салдары, 1919–1922, 1930–1932 жж. жаппай ашаршылық, 1928–1932 жж. күштеп ұжымдастыру мен индустрияландыру, 1939–1945 жж. Екінші Дүниежүзілік соғыс, 1954–1960 жж. тың және тыңайған жерлерді игеру, өнеркәсіп орындарын салу, көлік және т.б. өз ықпалын жасады. Біз зерттеп отырған 1990-2000 жылдары белорустар арасындағы этнодемографиялық үдеріс объективті және субъективті факторлармен ерекшеленеді. Біріншіден, белорустар 1989 ж. халық өсімі жағынан шарықтау шегіне жетіп – 182 601 болса, 2009 ж. – 66 476 адам, яғни үш есеге кеміді. Екіншіден, белорустар Қазақстан Республикасындағы басқа шығыс славян және еуропалық этностар сияқты депопуляцияға ұшырады. Бұл кері бағыт олардың этникалық Отанына оралуымен, табиғи өсімінің төмендеуімен және орыс этносымен ассимиляцияға ұшырауымен түсіндіріледі. Бұған орыстардың араласуымен этникалық ұлт-аралас отбасын құру, екінші буын өкілдерінің өздерін орыс деп есептеуі, өз тілін білмеуі, бір тілділікке толық көшуі әсер етті. Аталған үдеріс орыс тілді тұрғындар арасында, оның ішінде белорустарда алдағы онжылдықтарда көрініс берді. Қазақстан Республикасының жалпы халқы бойынша белорустардың үлес салмағы азайып, ірі орыс этносымен ассимиляцияға түседі.

Түйін сөздер: этностар, белорустар, этнодемографиялық үдеріс, ассимиляция, көші-қон, депопуляция, этникалық Отан.

Amanzhol Kalysh¹, Aynel Kerimkulova²

¹doctor of Historical Sciences, Professor, Department of Archeology,

Ethnology And Museology, Al-Farabi Kazakh National University,

Almaty, Kazakhstan, e-mail: kalysh_54@mail.ru, tel.: +7 702 379 9533

²Second, year Graduate Student, Department Of Archeology, Ethnology And Museology,

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: anelia-janim@mail.ru, tel.: +7 702 560 5465

**The number and resettlement of Belarusians
in the Republic of Kazakhstan in the 1990-2000th years**

In article the main attention is paid to the problem which isn't investigated in domestic historical and ethnographic science – to ethnodemographic processes among the Kazakhstan Belarusians. The first immigrants of the considered East Slavic ethnos have got on the territory of pre-revolutionary Kazakhstan

in the first half of XIX century. More compact groups of Belarusians began to move, since 80th years of XIX of century from various counties of the Mogilev, Vitebsk, Vilna, Minsk and Grodno provinces of Belarus. This process has gained further development after opening in 1900 West Siberian, in 1906 – the Orenburg and Tashkent railroad and Stolypin agrarian reform which has begun in 1906. Migrations of Belarusians to Kazakhstan continued also in days of the Soviet totalitarian system: October revolution of 1917, civil war of 1918–1922, mass hunger of 1919–1922, 1930–1932, violent collectivization and industrialization of 1928–1932, World War II of 1939–1945, development virgin and laylands of 1954–1960, construction of production industrial facilities, transport and so forth. Ethnodemographic processes among Belarusians in the 1990–2000th years considered by us are characterized by both objective, and subjective factors. First, having reached peak of the highest number (182 601 people) by 1989, in the next years they continued to reduce the number, by 2009 almost three times – to 66 476 people. Secondly, among Belarusians, also as well as at other East Slavic and European ethnoses of the Republic of Kazakhstan process of depopulation is observed. This negative tendency is caused not only by departure of Belarusians for the ethnic homeland, decrease in natural reproduction of the population, but also assimilatory processes among them in favor of the Russian ethnos. Certainly, they are caused by growth of ethnically mixed families with participation of Russians whose second generation in many cases identify themselves with this ethnos especially as many of them don't know the native language, having completely passed on Russian. We consider that the specified processes among the Russian-speaking population, including the Belarusian, will be continued also in the next decades that will lead not only to reduction of their specific weight in the general population of the Republic of Kazakhstan, but also to their assimilation in the environment of larger Russian ethnos.

Key words: Ethnoses, Byelorussians, ethnodemographic processes, assimilation, migration, depopulation, ethnic homeland.

Қалыш Аманжол¹, Керімқұлова Айнеп²

¹доктор исторических наук, профессор кафедры археологии, этнологии и музеологии
Казахского национального университета им. аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан, e-mail: kalysh_54@mail.ru, тел.: +7 702 379 9533

²магистрант кафедры археологии, этнологии и музеологии
Казахского национального университета им. аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан, e-mail: anelia-janim@mail.ru, тел.: +7 702 560 5465

Численность и расселение белорусов в Республике Казахстан в 1990–2000-е годы

В статье основное внимание уделено неисследованной в отечественной историко-этнографической науке проблеме – этнодемографическим процессам среди казахстанских белорусов. Первые переселенцы рассматриваемого восточнославянского этноса попали на территорию дореволюционного Казахстана в первой половине XIX в. Более компактные группы белорусов начали переселяться, начиная с 80-х годов XIX в. из различных уездов Могилевской, Витебской, Виленской, Минской и Гродненской губерний Белоруссии. Этот процесс получил дальнейшее развитие после открытия в 1900 г. Западно-Сибирской, а в 1906 г. – Оренбургско-Ташкентской железной дороги и Столыпинской аграрной реформы, начавшейся в 1906 году. Миграции белорусов в Казахстан продолжились и в годы советской тоталитарной системы: Октябрьского переворота 1917 г., Гражданской войны 1918–1922 гг., массового голода 1919–1922, 1930–1932 гг., насильственной коллективизации и индустриализации 1928–1932 гг., Второй Мировой войны 1939–1945 гг., освоения целинных и залежных земель 1954–1960 гг., возведения производственно-промышленных объектов, транспорта и пр. Этнодемографические процессы в рассматриваемый нами период 1990–2000-е гг. среди белорусов характеризуются как объективными, так и субъективными факторами. Во-первых, достигнув к 1989 году пика своей наивысшей численности (182 601 чел.), в последующие годы продолжилось сокращение численности, а к 2009 году почти в три раза – до 66 476 человек. Во-вторых, среди белорусов, равно как и у других восточнославянских и европейских этносов Республики Казахстан, наблюдается ярко выраженный процесс депопуляции. Эта негативная тенденция вызвана не только их оттоком на этническую родину, снижением естественного воспроизводства населения, но и ассимиляционными процессами в пользу русского этноса. Безусловно, они вызваны ростом этнически смешанных семей с участием русских, второе поколение которых во многих случаях идентифицируют себя с этим этносом, тем более, что большинство их не владеют родным языком, полностью перешли на русское одноязычие. Считаю, что указанные процессы среди русскоязычного населения, включая белорусов, будут продолжены и в следующие десятилетия, и они приведут не только к сокращению их удельного веса в общем населении Республики Казахстан, а также к полной ассимиляции в среде более крупного русского этноса.

Ключевые слова: этносы, белорусы, этнодемографические процессы, ассимиляция, миграция, депопуляция, этническая родина.

Кіріспе

Полиэтникалық Қазақстанның түрлі этностары өз тарихи отандарынан қазақ жеріне патшалық Ресейдің отарлау саясаты және кеңестік тоталитарлық жүйе кезінде күштеп, өз еріктерімен қоныстанды. Белорустар республикамыздағы басқа этностар сияқты қоғамдық-саяси, ғылыми-біліми, әлеуметтік-мәдени және экономикалық өмірде өз орнына ие. Қаншама он- және жүзжылдықтар бойы республикамызда өмір сүре отырып, өз тілдерін, мәдениетін, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын сақтап қалуға тырысқан. Халық саны бойынша оныншы этнос болып, Қазақстанның он төрт облысында, Алматы және Астана қалаларында қоныстанған.

Сондықтан да, басқа этностар арасында өмір сүріп жатқан, этномәдени ерекшелігін сақтаған белорустар сияқты ірі этносты зерттеу маңызды әрі қажетті. Этнодемографиялық процестерді зерттеуде арнайы әдебиеттер және құнды деректер – 1999 және 2009 жж. Қазақстан Республикасының халық санағының мәліметтері қолданылды.

Зерттеу әдістері

Жұмыстың теориялық және методологиялық негізі – этникалық, этномәдени, этнодемографиялық үдерістер және диаспорология мәселесімен айналысатын жетекші отандық және шетелдік авторлар еңбектері.

Методологиялық негіз ретінде аталған мәселені шешуде салыстырмалы-тарихи, статистикалық, демографиялық, жүйелік және кешенді әдістер пайдаланылды. *Салыстырмалы-тарихи* әдіс осы немесе басқа этностың этномәдени дамуындағы жалпы және жалқыны салыстыру арқылы зерттейді, басқа этностармен ұқсастықты және ерекшелігін анықтайды. *Статистикалық* әдіс статистикалық мәліметтердің арасындағы объективті байланысты анықтау және өлшеу үшін корреляциялық және факторлық талдау, ортаөлшемді әдіс, кестелік және т.б. қолданылды. *Демографиялық* әдіс механикалық, халықтың табиғи өсімі, халық тұрғыны құрылымындағы демографиялық жағдайды зерттеуге мүмкіндік береді. *Жүйелік және кешендік* анықталған немесе біріккен нысандарды нақты немесе жан-жақты зерттеуде міндеттерді іске асыру үшін түрлі ғылым саласында, соның ішінде қоғамдық пайдаланатын пәнаралық байланысты біріктіруге бағытталған.

Нәтижелері

Қазақстан жерінде өзге этнос өкілдерінің көбеюі, әсіресе, орыс, украин, белорустардың XVIII–XX ғғ. жүргізілген көші-қон саясатымен байланысты.

Еуропалық халықтардың, соның ішінде біз қарастырып отырған белорустардың Қазақстан жеріне орналасуы патшалық Ресейдің отарлау саясаты мен большевиктік кеңестік тоталитарлық жүйенің орнауымен байланысты. Республиканың кейбір аймақтарында большевиктердің билік жүйесі бейбіт түрде орнаса, кей жерлерде зорлық-зомбылықпен іске асты. Бұған 1918-1920 жж. Азамат соғысының озбырлығын қосуға да болады. Социалистік құрылыстың жеңісінен кейін, жаңа кадрлар қажет болды. Олар өз кезегінде елдің еуропалық бөлігінен тартылды. Осы және басқа да объективті және субъективті факторлар тек демографиялық ахуалға ғана әсер етіп қоймай, республикадағы этникалық құрамға да септігін тигізді. Ең бастысы орыс, украин, аз көлемде белорус халқының санын ұлғайту үшін орталықтан арнайы түрде көші-қон саясаты жүргізілді. Мұндай саясат кеңестік тоталитарлық мемлекетте 1920-1930 жж. екінші жартысында да бұрынғыдай іске аса берді.

Зерттеліп отырған этностың тез өсуі табиғи өсіммен ғана емес, ең маңыздысы механикалық өсіммен түсіндіріледі. Яғни, белорустардың жаппай Қазақстанға қоныс аударуымен байланысты. Әрине, бұл жерде объективті факторлар маңызды рөл атқарды. Ең алдымен Екінші Дүниежүзілік соғыстың салдары:

1. КСРО мен Германия арасындағы 1939 жылғы 23 тамызда бір-біріне шабуыл жасамау пактісіне қол қоюы, тарихта Молотов-Риббентроп пактісі деген атпен белгілі. Фашистік Германия Польша территориясын жаулап алып, КСРО оның Балтық аймағы, Бессарабия, Батыс Украина мен Батыс Беларусияны өзіне қаратып алды (Дюков, 2009; Волков, 1985; Борисенко, 2015). Аталмыш іс-әрекеттің нәтижесінде көрсетілген республикалардағы «сенімсіз» жүздеген мың тұрғындарын Сібір, Қазақстан, Орта Азия аймағына күштеп жер аударылды. Осындай халықтардың арасында НКВД-нің «қара тізіміне» енген ондаған мың белорустар да болды.

2. Фашистік Германияның алғашқы шабуыл жасау жылдарында (1941-1942 жж.) бірнеше миллион тұрғындар өзінің туған жерлерін тастап, эвакуацияланған зауыт, фабрикалармен бірге

Шығыс жаққа көшіп, соның ішінде Қазақстанға жер аударылды.

3. НКВД-нің күштеп депортациялауы. Оған соғыс жылдарында фашистік оккупация аумағында қалып қойған белорустар енген. Олар фашистермен немесе тұтқынға алынған солдаттармен қарым-қатынас жасады деген айыппен жер аударылды.

4. Соғыстан кейін жаңа өндіріс орындарының ашылуы 1954-1965 жж. жарты миллионға жуық білімді мамандардың келуіне себеп болды.

5. 1954-1962 жж. тың және тыңайған жерлерді игеру комсомолдық бағытнама бойынша КСРО-ның еуропалық бөлігінен миллионға жуық қоныс аударушылар, соның ішінде ондаған мың белорустар келді.

Қазақстан Республикасы үшін 1999 жылғы ең алғашқы жүргізілген Ұлттық санағы бойынша Маңғыстау облысын қайта құру, Шығыс Қазақстан мен Семей облыстарын, Қарағанды мен Жезқазған облыстарын, Алматы мен Талдықорған облыстарын біріктіру жағдайларында жүргізілді. Сонымен қатар, Көкшетау облысының аумағы Солтүстік Қазақстан мен Ақмола облыстарының құрамына кірсе, Орал облысы Батыс Қазақстан облысы деп атауын өзгертті.

Осы халық санағынан бастап Қазақстандағы белорустардың саны күрт төмендейді. Олардың саны 70 674 мыңға азайып, жалпы 111 927 адамды құрады (1-кестені қараңыз).

1-кесте – 1999 жылғы Қазақстандағы белорустардың саны мен орналасуы (Национальный состав населения Республики Казахстан, т. 4, ч. 1. Итоги переписи населения 1999 года, 2000: 6-235)

Облыстар	Барлығы		Соның ішінде			
	жалпы	%	қала		село	
			жалпы	%	жалпы	%
Қазақстан	111 927	100,0	65 141	100,0	46 786	100,
Ақмола	19 475	17,4	6 834	10,5	12 641	27,0
Ақтөбе	2 569	2,3	1 737	2,7	832	1,8
Алматы	2 053	1,8	955	1,5	1 098	2,4
Атырау	347	0,3	323	0,5	24	0,1
Шығыс Қазақстан	4 525	4,0	3 170	4,9	1 355	2,9
Жамбыл	1 481	1,3	983	1,5	498	1,1
Батыс Қазақстан	3 577	3,2	1 596	2,5	1 981	4,2
Қарағанды	21 579	19,3	17 718	27,2	3 861	8,3
Қостанай	25 018	22,4	12 021	18,4	12 997	27,8
Қызылорда	215	0,2	185	0,3	30	0,1
Маңғыстау	612	0,6	606	0,9	6	0,01
Павлодар	8 781	7,9	6 144	9,4	2 637	5,6
Солтүсік Қазақстан	11 184	10,0	2 607	4,0	8 577	18,3
Оңтүстік Қазақстан	1 312	1,2	1 063	1,6	249	0,5
Астана қ.	5 761	5,2	5 761	8,8	–	–
Алматы қ.	3 438	3,1	3 438	5,3	–	–

Солтүстік Қазақстанның төрт облысында және Қарағанды облысында еліміздегі белорустардың 86 037 (76,9%) өмір сүрсе, соның ішінде олардың үлесі Қостанай облысында – 22,4%, Қарағанды облысында – 19,3%, Ақмола облысында – 17,4%, Солтүстік Қазақстан облысында – 10,0% және Павлодар облысында – 7,9% болып табылады. Бұнымен қатар қала

халқының үлес салмағы 58,2% жетсе, ауыл халқы 41,8% құрды. Республикадағы қалалық белорустардың басымдығы жағынан Қарағанды (27,2%), Қостанай (18,4%) және Ақмола (10,5%) облыстары ерекшеленеді, ал селолық белорустар – Қостанай, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында, сәйкесінше, 27,8-27,0-18,3% құрайды. Белорустар арасында қала халқы

келесі тоғыз облыста басым: Маңғыстауда – 99,0%, Атырауда – 93,1%, Қызылордада – 86,0%, Қарағандыда – 82,1%, Оңтүстік Қазақстанда – 81,0%, Шығыс Қазақстанда – 70,1%, Павлодарда – 70,0%, Ақтөбеде – 67,6% және Жамбылда – 66,4%. Село халқы мынадай облыстарда басым: Солтүстік Қазақстанда – 76,7%, Ақмолада – 64,9%, Батыс Қазақстанда – 55,4%, Алматыда – 53,5% және Қостанайда – 52,0%.

Зерттеліп отырған этностың күрт төмендеуінің негізгі факторы кеңестік тоталитарлық мемлекеттің жойылуы, жаңа тәуелсіз республикалардың пайда болуына алып келді. Осыған байланысты көптеген еуропалық этностар, әсіресе белорустардың өздерінің тарихи отанына қайта көшуіне ықпал етті. Дегенмен басты фактор этнопсихологиялық бағыт емес, елдегі күрделі нарықтық экономиканың қиыншылығы, жұмыссыздық, өндірістің тоқтап қалуы және ең маңыздысы – ауылшаруашылық саласында колхоздар мен совхоздардың құлдырауы. Ауыл халқының кейбір бөлігі фермерлік шаруашылықты игере алмай, жеке кәсіпкерлікпен айналысуға мүмкіншілігі болмады.

Алайда, біз белорустардың депопуляция жолына табиғи өсімнің болмауынан түскендігін, одан кейін олардың едәуір ассимиляциялық процеске ұшырағандығын ұмытпауымыз қажет.

Жоғарыда аталған бағыт 2009 жылғы Ұлттық халық санағында көрініп, еуропалық этностардың азайғандығы, әсіресе, біздің полиэтникалық республикамызда шығыс славяндық халықтардың санының төмендігі байқалды. Санақ бойынша Қазақстандағы халық саны 16 009 597-ны құрап, соның ішінде: қазақтар – 10 096 мың (63,1%), орыстар – 3 793 мың (23,7%), өзбектер – 456,9 мың (2,9%), украиндар – 333,0 мың (2,1%), ұйғырлар – 224,7 мың (1,4%), татарлар – 204,2 мың (1,3%), немістер – 178,4 мың (1,1%), кәрістер – 100,3 мың (0,6%), түріктер – 97,0 мың (0,6%), әзірбайжандар – 85,2 мың (0,5%) және белорустар – 66,4 мың (0,4%) (Национальный состав, вероисповедание и владение языками в Республике Казахстан. Итоги национальной переписи населения 2009 года в Республике Казахстан, 210: 4-5).

2009 жылғы халық санағының материалдарына қарасақ, белорустардың саны екі есеге азайған, әсіресе жергілікті қазақтар басым Батыс және Оңтүстік Қазақстан аймақтарында байқалады (2-кестені қараңыз). Ең алдымен, бұл Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы белорустарға қатысты. Көрсетілген бағыт Солтүстік Қазақстан және Астана қаласында көрініс тапты.

2-кесте - 2009 жылғы Қазақстандағы белорустардың саны мен орналасуы (Национальный состав, вероисповедание и владение языками в Республике Казахстан. Итоги национальной переписи населения 2009 года в Республике Казахстан, 210: 4,9,16)

Облыстар	Барлығы		Соның ішінде			
	жалпы	%	қала		село	
			жалпы	%	жалпы	%
Қазақстан	66 476	100,0	35 113	100,0	31 363	100,0
Ақмола	11 927	17,9	3 641	10,4	8 286	26,4
Ақтөбе	1 343	2,0	841	2,4	502	1,6
Алматы	879	1,3	297	0,9	582	1,9
Атырау	217	0,3	179	0,5	38	0,1
Шығыс Қазақстан	1 999	3,0	1 133	3,2	866	2,8
Жамбыл	602	0,9	373	1,1	29	0,7
Батыс Қазақстан	2 146	3,2	955	2,7	1 191	3,8
Қарағанды	13 370	20,1	10 139	28,9	3 231	10,3
Қостанай	15 171	22,8	6 180	17,6	8 991	28,7
Қызылорда	112	0,2	84	0,2	28	0,1
Маңғыстау	260	0,4	251	0,7	9	0,03
Павлодар	5 419	8,2	3 696	10,5	1 723	5,5
Солтүсік Қазақстан	6 856	10,3	1 309	3,7	5 547	17,7

Оңтүстік Қазақстан	641	1,0	501	1,4	140	0,4
Астана қ.	3 752	5,6	3 752	10,7	–	–
Алматы қ.	1 782	2,7	1 782	5,1	–	–

Қазіргі таңда белорустардың біраз бөлігі орыс, украин, поляктар секілді Солтүстік және Орталық Қазақстанда шоғырланған. Мысалы, бұл аймақтарда зерттеліп отырған этносты 52 743 тұрғын құрады, бұл республикадағы белорустардың 79,3%-на тән. Мұндай нәтиже Қостанай облысы үшін 15 171 (22,8%), Қарағанды – 13 370 (20,1%), Ақмола – 11 927 (17,9%), Солтүстік Қазақстан – 6 856 (10,3%) және Павлодар – 5 419 (8,2%) белорус бар екенін көрсетті. Бұл облыстар қала және село халқының ара-салмағынан көш бастап тұр.

Белорустар арасында қала халқы басым болып – 52,8%, сәйкесінше селода 47,2% өмір сүрген. Село халқы Солтүстік Қазақстан (80,9%), Ақмола (69,5%), Алматы (66,2%), Қостанай (59,3%) және Батыс Қазақстан (55,5%) облыстарында таралған.

Зерттеу нысанына алынып отырған этнос өкілдері жайлы маңызды мәліметтерді Қазақстанның түрлі қалаларында тұратын өкілдеріне қатысты статистикалық мәліметтерден алуға болады: мысалы, Қарағандыда – 4 122 белорус, Астана – 3 752, Қостанай – 3 085, Павлодар – 2 346, Алматы – 1 782, Теміртау – 1 768, Рудный – 1 668, Көкшетау – 1 520, Шахтинск – 1 295, Екібастұз – 1 059, Петропавловск – 1 027.

Ендігі кезекте селолық белорустардың Солтүстік және Орталық Қазақстан облыстарының ішінде ең көп шоғырланған аудандарын қарастырып көрейік. Ақмола облысында: Атбасар ауданы – 1 047 адам, Есіл ауданы – 1 005 адам, Шортанды ауданы – 1040 адам және Щучинск ауданы – 908 адам. Қостанай облысында: Қарасу ауданы – 1 381 адам және Қостанай ау-

даны – 1 252 адам. Солтүстік Қазақстан облысы: Тайынша ауданы – 1 435 адам және Ғабит Мүсірепов атындағы аудан – 1346 адам.

Қорытынды

Сонымен, біз Қазақстан территориясында екі жүзжылдық тарихы бар белорус халқының этнодемографиялық үдерісін анықтадық. Алғашқы кезеңде осы этностың өсуі табиғи өсіммен ғана емес, механикалық өсім нәтижесінде, яғни көші-қон процесінің арқасында көбейсе, 1980 ж. екінші жартысынан бастап, олардың өсу қарқыны баяулап, бұл жағдай өзге де еуропалық этностар – орыс, украин және немістерде де байқалады. Өйткені, аталған этностар арасында көші-қон процесі мен табиғи өсімі кері бағытта жүргендігі байқалады. Бұл жағдай республикадағы халық санағының көрсеткішін азайтады. Мұндағы басты себеп, ауыспалы нарықтық қатынастар, еңбек нарығындағы шығыс славяндардың бәсекелестікке шыдай алмауы салдарынан өздерінің ата-қонысына көшуге мәжбүр болды. Елде қалған еуропалық халықтар, соның ішінде белорустарда жоғары жастағы азаматтардың үлес салмағы басым. Себебі, олардың еңбек жолы мен жеке өмірлері Қазақстанда өтіп, сол азаматтардың құқықтары Конституция мен түрлі заң органдарымен қорғалды. Мысалы, орыс тіліне ұлтаралық тіл мәртебесі берілді. Бұған қоса елдегі барлық этнос өкілдерінің өз мүдделерін қамтамасыз ететін Қазақстан халқы Ассамблеясымен бақыланатын этномәдени қауымдастықтары бар.

Әдебиеттер

- Борисенко Е. Ю. (2015). Концепции «украинизации» и их реализация в национальной политике в государствах восточноевропейского региона (1918–1941 гг.): автореф. дисс. докт. истор. наук. – М.
- Волков Ф. Д. (1985). За кулисами Второй мировой войны. – М.: Мысль.
- Дюков А. Р. (2009). «Пакт Молотова-Риббентропа в вопросах и ответах». – М.: Фонд «Историческая память».
- Национальный состав населения Республики Казахстан. (2000). – Т. 4. Ч. 1. Население Республики Казахстан по национальностям, полу и возрасту. Итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан. – Алматы: Агентство РК по статистике.
- Национальный состав, вероисповедание и владение языками в Республике Казахстан. Итоги национальной переписи населения 2009 года в Республике Казахстан. Статистический сборник. (2010). – Астана: Агентство РК по статистике.

Referenses

Borisenok E. Yu. (2015). *Koncepcii «ukrainizacii» i ih realizacija v nacional'noj politike v gosudarstvax vostochnoevropejskogo regiona (1918–1941 gg.): avtoref. diss. dokt. istor. nauk.* [Concepts of “Ukrainization” and their realization in national policy in the states of the East European region (1918–1941): the abstract of the thesis on a competition of degree of the doctor of historical sciences]. Moskva.

Dyukov A.R. (2009). *Za kulisami Vtoroj mirovoj vojny.* [«The Molotov-Ribbentrop Pact in questions and answers»]. Moskva: «Historical memory» Fund.

Volkov F.D. (1985). «Pakt Molotova-Ribbentropa v voprosah i otvetah» [Behind the scenes of World War II]. Moskva: Mysl.

Nacional'nyj sostav naselenija Respubliki Kazahstan. (2000). Tom 4. Chast' 1. *Naselenie Respubliki Kazahstan po nacional'nostjam, polu i vozrastu. Itogi perepisi naselenija 1999 goda v Respublike Kazahstan.* [National structure of the population of the Republic of Kazakhstan. Volume 4. Part 1. The population of the Republic of Kazakhstan on nationalities, gender and age. Results of a population census of 1999 in the Republic of Kazakhstan]. Almaty: Statistically Agency of RK.

Nacional'nyj sostav, veroispovedanie i vladenie jazykami v Respublike Kazahstan. *Itogi nacional'noj perepisi naselenija 2009 goda v Respublike Kazahstan. Statisticheskij sbornik.* (2010). [National structure, religion and language skills in the Republic of Kazakhstan. Results of a national population census of 2009 in the Republic of Kazakhstan. Statistical collection]. Astana: Statistically Agency of RK.